

«6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Құттыбай Нұржігіт Бақытқұлының «Күнге онтайлы бағытталатын және сымсыз байланыс негізінде бақыланатын автоматтандырылған фотоэлектрлік жүйелерді жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс 2018-2020 жылдарға ариалған, жеке тіркеу нөмірі (ЖТН) АР05132464 «Сымсыз басқарудың интеллектуалды автономды жүйесін және көше жарықтандыру мониторингісін құру» ғылыми-зерттеу жұмысының (F3Ж) жоспарларына сәйкес орындалған.</p>
2.	Ғылымга маңыздылығы	Жұмыс ғылымга елеулі үлесін <u>косады</u> / <u>коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / <u>ашылмаган</u> .	И.Б. Құттыбайдың диссертациялық жұмысы қайта қалына келетін энергия саласында ғылымға елеулі үлес косады. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер бүтінгі таңда орнатылған және болашакта орнатылатын фотоэлектрлік жүйелерді жобалауда және оның жұмысын онтайландыруда күнды.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен;	Ізденуші орындаған жұмыс дербес зерттеу болып табылады. Ғылыми-тәжірибелі маңыздылығы бар және ғылымға коскан үлесін көрсетеді. Диссертацияда келтірілген барлық тәжірибелік мәліметтерді автор өз бетінше алды. Сондай-ақ, нәтижелерді КР

		4) өзі жазбаган	және шет елдердегі ғылыми семинарлар мен конференцияларда бағиңдауды.
4.	Ішкі бірлік принциптері	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Қазіргі таңда фотоэлектрлік жүйелердің тиімділігін арттыру мақсатында галымдар құрылымдық механизмі және басқарылу алгоритмі әртүрлі күн трекерлерін жан-жақты зерттеуде. Соның ішінде, Н. Б. Құттыбайдың диссертациялық жұмысы өзекті мәселелердің бірі болып отырған – күнге бағытталуши фотоэлектрлік жүйені оңтайланыруға арналған. Яғни, күнге бағытталуши кондырғылардың әртүрлі ауа-райындағы жұмыс жасау алгоритмін, күнге бағытталу дәлдігін оңтайланырып, оларды қашықтықтан сымсыз бақылайтын және кері байланыс негізінде автоматты түрде басқаратын жүйе қарастырылған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тиянақты және диссертация тақырыбы бойынша зерттеудің мақсаты мен міндеттерін толық қамтиды. Диссертация күнге бағытталуши фотоэлектрлік жүйелердің әртүрлі климаттық жағдайлардағы жұмысын және оларды оңтайлы басқару алгоритмдерін зерттеуге арналған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	<p>Н.Б. Құттыбайдың қойған мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты максималды қуат нүктесін бақылау контроллері негізінде әртүрлі ауа-райында тиімді жұмыс жасайтын, оңтайланырылған бір және екі осьті күн трекерлерін, қашықтықтан сымсыз бақылайтын және кері байланыс арқылы басқаратын автоматтандырылған фотоэлектрлік жүйесін жасау. Зерттеу жұмысында келесідей міндеттер орындалған:</p> <p>1 Оңтайлы бұрылу механизмі бар автономды бір осьті және екі осьті күнді бақылау жүйелері жасалған;</p> <p>2 Күн трекері әртүрлі ауа-райы жағдайларында оңтайлы бағытталуды қамтамасыз етуші басқару алгоритмімен жабдықталып, шынайы жағдайларда тәжірибелік зерттеулер жүргізілген;</p> <p>3 Екі осьті күнді бақылау жүйесі үшін максималды қуат нүктесін бақылау контроллері жасалған және тәжірибе жүзінде тиімділігі зерттелген;</p> <p>4 Фотоэлектрлік кондырғылардың жұмысын қашықтықтан сымсыз</p>

		<p>байланыс негізінде бақылаушы және нақты уақыт режимінде кері байланысты орнату арқылы ауытқуларды автоматты түрде тұзетуші жүйе күрылған және тиімділігі зерттелген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен күршіліктері логикалық байланыскан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланыскан;</u> 2) жартылай байланыскан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен ғылыми тұжырымдары өзара толықтай байланыскан. Н.Б. Құттыбайдың диссертациялық жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары тақырып бойынша жүйелі түрде бір-бірімен байланыскан, қойылған міндеттері мен мақсаты толығымен орындалған. Жұмыстың бірінші бөлімінде казіргі уақытқа дейін зерттелген күн трекерлеріне, максималды қуат нұктесін бақылау жүйелеріне және фотоэлектрлік кондырғыларды қашықтықтан бақылау/басқару жүйелеріне әдеби шолу жасалып, артықшылықтары мен кемешіліктері айқындалған. Екінші болімде онтайлы механизмі мен алгоритмі бар бір және екі осьті күн трекерлерін әртүрлі ауа-райында зерттеу нәтижелері келтірілген. Үшінші болімде максималды қуат нұктесін бақылау контроллерінің күн трекерімен байланыстырылған жұмысы және қашықтықтан сымсыз бақыланатын және басқарылатын жүйе жұмысының зерттеу нәтижелері келтірілген.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Белгілі шешімдерге сынни талдау арқылы автор диссертациялық жұмысында қойылған мақсаты мен міндеттерін және зерттеу нәтижелерін алу әдістерін көрсететін өз қагидаттарын ұсынды және тәжірибе жүзінде дәлелдеді. Атап айтқанда, бір осьті күн трекерін энкодер негізінде басқару алгоритмімен жабдықтау арқылы әртүрлі ауа-райындағы жұмысын онтайландыруды. Күн сәулесі катты шашырауы жағдайында екі осьті трекерді онтайлы бағытта орнатушы, шағын фотоэлектрлік модульдермен жабдықталған, пішіні кіші трекерлер арқылы тиімділігін арттыратын алгоритм жасалды. Екі жағдайда да қолданыста бар трекерлермен салыстыру жұмыстары жүргізіліп, тиімділігі анықталды. Максималды қуат нұктесін бақылау контроллері жасалып, екі осьті күн трекерімен интеграциялау арқылы жүйенің тиімділігі анықталды және қолданыста бар контроллермен салыстыру жұмыстары жүргізілді. Қашықтықтан сымсыз бақыланатын және кері байланыс негізінде</p>

			басқарылатын автоматтандырылған жүйе жұмысының сенімділігі анықталған.
5.	Гылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Гылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған гылыми нәтижелері мен тұжырымдарының жаңалығы бар деп санаймын. Диссертациялық жұмыста алғаш рет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - күн сәулесі шашыранды тараған кезінде колденең жазыктықта бұрылу бұрышын анықтау үшін энкодерді және әзірленген бағдарламалық жасақтаманы колдану нәтижесінде бір осыті күн трекерінің тиімділігі арттыны анықталды; - күн сәулесінің қатты шашырауы кезінде басқарушы трекердің көмегімен екі осыті күн трекерінің оңтайлы орналасуын анықтаушы жүйе жасалды; - әртүрлі аяу-райы жағдайында екі осыті күн трекері мен ауытқу және қадағалау алгоритмі негізінде максималды қуат нүктесін бақылау контроллерінің біріктіліген жүйесі зерттелді; - жүйе жұмысының сенімділігін арттыру үшін қашықтықтан сымсыз бақыланатын және кері байланыс орнату арқылы басқарылатын автоматтандырылған жүйе жасалды.
		<p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда алғынған гылыми нәтижелер мен тұжырымдар толығымен жаңа болып табылады, сәйкесінше, зерттеу барысында кол жеткізген нәтижелер сандық корсеткіштермен келтірілген. Зерттеу нәтижесінде бір осыті трекер бұлтты аяу-райы жағдайында козғалысына жұмсалатын энергияны 60% үнемдейтін анықталған. Күн сәулесі қатты шашырауы жағдайында екі осыті күн трекерін колденең орналастыру арқылы энергия түрлендіруін 40% арттырган. Күн трекері мен максималды қуат нүктесін бақылау контроллерін біріктіру арқылы фотоэлектрлік жүйенің тиімділігін 95% жеткізген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, әдістемелік және басқару шешімдері толықтай жаңа және негізделген. Атап айтқанда, энкодер құрылғысы арқылы трекерлердің азимут бойынша қозғалысын басқару. Өлшемі кіші фотоэлектрлік модуль арқылы трекердің жай-күйін басқару. Сымсыз байланыс арқылы қашықтықтан бақылау және кері байланыс негізінде басқару. Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесінде пайдалы модельге патент алынған.</p>

6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар гылыми түргыдан караганда аукымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста көлтірілген тұжырымдар гылими түргыдан сандық нәтижелермен және салыстыру әдісі арқылы дәлелденген. Жұмыс тиянкты, түсінікті және тәжірибелі дәлелдермен жазылған, таңдалған әдістер, алынған нәтижелер негізделген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді мे?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>7.1 Қорғауга шығарылатын негізгі қагидаттар диссертацияда ұсынылған нәтижелермен дәлелденеді. Тәжірибе нәтижелері негізінде әртүрлі ауа-райында онтайлы жұмыс жасайтын бір оystі және екі оystі қынға бағытталу жүйелерінің тиімді құрылымы, басқарушы электронды болігі ұсынылды. Сондай-ақ, фотоэлектрлік кондырылыштардың шығысында энергияны тиімді түрлендіру техникасы және жалпылама жүйенің сенімділігін арттырушы екі деңгейлі кашықтықтан бакылау және басқару жүйесі жасалды.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста тривиалдылық жок. Тәжірибе барысында алынған барлық заңдылықтар мен ерекшеліктер заманауи гылыми әдістерге және маглұматтарға негізделген.</p> <p>7.3 Қорғауга шығарылатын қагидалар жаңа болыш табылады</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер жаһандық фотоэлектрлік жүйелердің жұмысын онтайландыру үшін қолдануда үлкен мүмкіндік береді.</p> <p>7.5 Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған нәтижелер 9 гылыми жұмыста көлтірілген. Соның ішінде 3 макала Thomson Reuters және Scopus халықаралық гылыми деректер базасына кіретін басылымдарда, 3 макала Қазақстан Республикасы Білім және гылым министрлігінің Білім және гылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда және қалған 3 тезис халықаралық конференциялардың жинактарында жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккоздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген, немесе әдіснама накты жазылған	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістер мен әдістемелік тәсілдер толығымен сипатталған. Әртүрлі деректер көздеріне жан-жақты шолу жасалған.

	ақпараттың дәйектілігі	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманғы әдістері мен деректердің өндеге және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жок</p>	Диссертациялық жұмыста компьютерлік 3D (үш өлшемді) ішімдердің әзірлеу бағдарламасы ортасында трекерлердің бұрылу механизмінің құрылымын модельдеу барысында алынған мәндерін шынайы тәжірибелік маглұматтармен салыстыру әдісі орындалып, сәйкестендірілген. Сондай-ақ, жүйенің электронды басқару құрылымы ең алдымен Simulink бағдарламасында моделі жасалып шынайы кондыргыларға орнатылған. Қашықтықтан бақылау және басқару жүйесі LabView графикалық бағдарламасында жүзеге асырылған.
		<p>8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жок</p>	Диссертациялық жұмыстагы теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар өзіндік зерттеулерімен дәлелденген және ғылыми жарияланымдарда бар болуымен расталады.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	Н.Б. Құттыбайдың диссертациялық жұмысындағы барлық негізгі, маңызды мәлімдемелер ғылыми әдебиетке сілтемелермен расталған.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиет тізімі 112. Барлық әдеби дереккөздер ғылыми өзекті материалдарды қамтиды және диссертация тақырыбына аналитикалық әдеби шолу жүргізуге жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>ија;</u> 2) жок</p>	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы жоғары. Зерттеу барысында алынған нәтижелер фотоэлектрлік жүйелердің құрылымын және электронды басқару бөлігін жобалауда үлкен үлес косады.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>ија;</u></p>	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелерге сүйене отырып, қунғе онтайлы бағытталушы фотоэлектрлік жүйелерді ауа-райы құбылмалы климаттық жағдайы бар аумақта колдану, сондай-ақ, зерттеу жұмысында жасалған қашықтықтан бақылау және басқару

		<p>2) жок</p> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады:</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жана (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жүйесін қазіргі уақытта қолданыста бар фотоэлектрлік жүйелерге орнату мүмкіндіктері жоғары.</p> <p>Практикалық ұсыныстар толығымен жана. Осыған дейінгі зерттеу жұмыстарында мұндай мәглұматтар көлтірілмеген. Диссертация фотоэлектрлік кондырылғыларды практикалық жобалауда қолданыс аясын көнектеді.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс сауатты ғылыми-техникалық тілде, түсінікті стильде жазылған және оңай оқылады. Негізгі тұжырымдар сенімді және толыктай аяқталған.</p>

Ресми рецензенттің ұсынысы:

- Диссертациялық жұмыста жасалған күнге оңтайлы бағытталу жүйесін қолдануда географиялық аумагын көңіту үшін жылдың барлық мезгілінде үздіксіз тәжірибе жұмыстарын жүргізу арқылы деректер мөлшерін арттыру қажет;
- Күн трекерлеріне орнатылатын өндірістік фотоэлектрлік модульдердің барлық түрлерін орнату арқылы артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау қажет;

Дегенмен, аталған ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми күндылығын төмендетпейді.

Ресми рецензенттің шешімі:

Күттабай Нұржігіт Бақытұлына «Күнге оңтайлы бағытталатын және сымсыз байланыс негізінде бакыланатын автоматтандырылған фотоэлектрлік жүйелерді жасау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін «6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша

1) философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады.

Ресми рецензент:

«Логистика және көлік академиясы» АҚ
Ғылым және ынтымақтастық жөніндегі проректор
PhD, кауымдастырылған профессор



Балбаев Г.К.

М.С.
Мезалова М.С.